

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

7M01101 Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық (IP)

Тіркеу номері	7M01100156
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7M01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7M011- Педагогика және психология
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	M001 Педагогика және психология
БББ түрі	инновациялық
ББХСЖ бойынша деңгейі	7
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқыту тілі	Қазақ, орыс, ағылшын
БББ көлемі	120
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент, 2025 ж.

Құрастырушылар:

Аты-жөні	Қызметі	Қолы
Усенова А.М.	PhD докторы, «Жалпы педагогика және психология» каф. меңгерушісі	
Корнилко И.А.	«Жалпы педагогика және психология» кафедрасының доценті, п.ғ.к.	
Мусаханова Г.М.	«Жалпы педагогика және психология» каф. аға оқытушысы, магистр	
Жумабаева Д.Ж.	«Жалпы педагогика және психология» каф. оқытушысы, магистр	
Абилдаева Г.С.	Ө.А.Жолдасбеков атындағы №9 IT-лицейінің директоры	
Төребекова Қ.Ж.	JOO High School директоры	
Вероцкая Г.Е.	«Инновациялық психология» Республикалық қоғамдық қорының төрайымы	



Білім беру бағдарламасы инклюзивті білім берудің жаңа моделі ескеріле отырып жаңартылды және Білім басқармасымен келісілді.

Шымкент қаласы білім басқармасының «Әдістемелік орталығы» КММ директоры: Айтбаева Ш.С.

Білім беру бағдарламасы «Тарих және педагогика» факультетінің академиялық сапа бойынша комитетінің мәжілісінде қаралды,  
«17» 03 2025ж. №4 хаттама.

АК төрағасы Ермекбаев М.А.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды  
«18» 03 2025ж. №4 хаттама

ОӘК төрағасы Иманғалиев Е.И.

Университеттің Ғылыми Кеңесі шешімімен бекітілді.  
Хаттама №10 от «24» 03 2025 ж.

## МАЗМҰНЫ

1	Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы	4
2	Білім беру бағдарламасының паспорты	7
3	Білім беру бағдарламасы түлектерінің құзыреттіліктері	11
3.1	БББ бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы	15
4.	Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға әсер ету матрицасы және еңбек сыйымдылығы туралы мәліметтер	16
5	Білім беру бағдарламасының модульдері кескінінде меңгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте	24
6.	Оқыту стратегиясы, әдістері және жасанды интеллект, бақылау және бағалау	25
7.	БББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету	26
	Келісім парағы	27
	Қосымша 1. Жұмыс беруші пікірі	
	Қосымша 2. Сараптамалық қорытынды	
	Қосымша 3. Кәсіби стандарттар	

## 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

<b>Университет миссиясы</b>	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшы дайындау
<b>Университет құндылықтары</b>	<p>-Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа әзір;</p> <p>-Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады;</p> <p>-Академиялық еркіндік – таңдау жасаудағы, дамудағы еркіндік және іс-әрекет;</p> <p>Серіктестік – барлығы жеңіске жететін және сенімділік пен қолдау тудыратын қарым-қатынасты құру;</p> <p>-Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешім қабылдауға және оның нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.</p>
<b>Түлек үлгісі</b>	<p>-Пән бойынша терең білім алу, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі дамыту;</p> <p>-Жедел өзгермелі жағдайдағы ақпараттық-цифрлық сауаттылық және ұтқырлық;</p> <p>-Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалды интеллект;</p> <p>-Кәсіпкерлік, дербестік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік;</p> <p>-Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.</p>
<b>БББ бірегейлігі</b>	<p>- білім беруді басқару саласындағы озық әлемдік практикаларға негізделеді. Ол халықаралық стандарттар мен басқару технологияларын ықпалдастыруға бағытталған, бұл бағдарлама түлектеріне түрлі мәдени және білім беру жүйелерінде жұмыс істеуге мүмкіндік береді;</p> <p>- бағдарлама білім беру мекемелерін тиімді басқару үшін қажетті көшбасшылық қасиеттер мен басқару дағдыларын дамытуға бағытталған;</p> <p>- оқыту теориялық білімді практикалық дағдылармен үйлестіреді.</p> <p>Магистранттар нақты жобалар мен кейстерге қатысады, бұл оларға алған білімдерін практикада бірден қолдануға мүмкіндік береді;</p> <p>- бағдарлама әрбір студентке жеке тәсілді ұсынады, бұл жеке кәсіби мақсаттары мен мүдделеріне сәйкес құзыреттілікті дамытуға мүмкіндік береді;</p> <p>- бағдарламада инклюзия, цифрландыру, өзгерістерді басқару және білім беру мекемелерінің орнықты дамуын қамтамасыз ету сияқты білім берудегі қазіргі заманғы сын-</p>

	<p>қатерлер мәселелері қаралады;</p> <p>- бағдарлама магистранттарға білім беру менеджменті саласында өз зерттеулерін жүргізуге мүмкіндік беретін зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған;</p> <p>Бағдарлама түлектері тек білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар кәсіби байланыстар желісін және тәлімгерлерді қолдауды қоса алғанда, одан әрі мансаптық өсу үшін кең мүмкіндіктер алады. Бағдарлама магистранттарға көшбасшылық саласындағы мақсаттарға қол жеткізуде қолдау көрсете отырып, білім беруді басқарудағы мансап үшін қажетті құзыреттерді дамытуға көмектеседі.</p>
<p><b>Академиялық адалдық және әдеп саясаты</b></p>	<p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы);</li> <li>– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (08.01.2025ж. №9-нқ бұйрығы);</li> <li>– Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы);</li> </ul>
<p><b>БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;</li> <li>2. ҚР БжҒМ 30.10.2018 ж. №595 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» бұйрығымен және ҒжЖБМ 24.06.2024ж. №307 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;</li> <li>3. ҚР БжҒМ 31.10.2018ж. №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» бұйрығымен бекітілген және ҒжЖБМ 26.07.2024ж. №372 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;</li> <li>4. ҚР БжҒМ 20.07.2022ж. №2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» бұйрығымен бекітілген және ҒжЖБМ 04.03.2025ж. №90 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;</li> <li>5. ҚР БжҒМ 20.04.2011ж. №152 «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» бұйрығымен және ҒжЖБМ 29.04.2024ж. №203 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;</li> <li>6. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2020ж. №553 «Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы» және 20.06.2024ж. №207 бұйрығымен жаңа редакцияда</li> </ol>

	<p>бекітілген</p> <p>7. Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығына қосымша</p> <p>8. ҚР ҒЖЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, 04.05.2023 жылғы № 601 н/қ бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген</p>
<b>Білім беру процесін ұйымдастыру</b>	<p>-Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру;</p> <p>-Студентке бағытталған оқыту;</p> <p>-Қол жетімділік;</p> <p>-Инклюзивтілік</p>
<b>БББ сапасын қамтамасыз ету</b>	<p>-Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі;</p> <p>-ББ әзірлеуге және оны бағалауға стейкхолдерлерді тарту;</p> <p>-Жүйелі мониторинг;</p> <p>-Мазмұн өзектілігі (жаңарту)</p>
<b>Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар</b>	<p>ҚР БЖҒМ 31.10.2018ж. №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» бұйрығымен бекітілген және ҒЖЖБМ 26.07.2024ж. №372 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген</p>
<b>Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары</b>	<p>Ерекше білім беруді қажеттетін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпустарында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты <a href="http://lib.ukgu.kz/">http://lib.ukgu.kz/</a> тәулік бойы жұмыс істейді.</p> <p>Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.</p>

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

<b>ББ мақсаты</b>	үздік отандық және шетелдік тәжірибелерді басшылыққа ала отырып, ағымдағы білім беру дәстүрлерінің сабақтастығын қамтамасыз ете алатын, орта және орта арнаулы оқу орындары білім беру деңгейіндегі өзгерістерді сапалы жүзеге асыра отырып, өзгерістер жаршысы бола алатын білім берудегі көшбасшылар мен менеджерлердің кадрлық резервін даярлау.
<b>ББ міндеттері</b>	<p>- Сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау</p> <p>- қоғамда әлеуметтік жауапты мінез-құлықты қалыптастыру, кәсіби этикалық нормалардың маңыздылығын түсіну және осы стандарттарды сақтау;</p> <p>- магистранттарды кәсіби даярлауды қамтамасыз ету, олардың өмір бойы оқуын жалғастыруына, кәсіби қызмет барысында өзгермелі жағдайларға сәтті бейімделуіне мүмкіндік беру;</p> <p>- дамудың жоғары жалпы интеллектуалдық деңгейін меңгеру үшін жағдайларды қамтамасыз ету, педагогикалық білім беру саласы мен білім беру жүйелерін басқаруда еңбекті ғылыми ұйымдастыруда сауатты және дамыған сөйлеуді, ойлау мәдениеті мен дағдыларын меңгеру;</p> <p>- түлектердің мамандығы бойынша жұмысқа барынша жылдам орналасуы мен ары қарайғы оқыту деңгейлерінде оқуын жалғастыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында білім беруді басқару саласындағы олардың бәсекеге қабілеттіліктерін қалыптастыру.</p>
<b>ББ үйлесімділігі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақстан Республикасы Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі;</li> <li>• Біліктіліктің 7 деңгейінің Дублиндік дескрипторы;</li> <li>• Еуропалық жоғары білім кеңістігінің біліктілік шеңберінің 2-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);</li> <li>• Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).</li> </ul>
<b>ББ кәсіби саламен байланысы</b>	<p>1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі ұйымдардың «Педагог» (профессор-оқытушылар құрамы) кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім Министрінің 2023 жылдың 20 қарашасындағы №591 Бұйрығы.</p> <p>2. Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы ағарту министрінің 24.02.2025 No 31 бұйрығы (педагог-психолог</p>

	<p>картасы, 7-деңгей).</p> <p>3.Қазақстан Республикасы ағарту министрінің м.а. 2022 жылдың 15 желтоқсанындағы №500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіптік стандарты;</p> <p>4. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2020ж. №553 «Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы» және 20.06.2024ж. №207 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген</p>
<b>Берілетін дәреженің атауы</b>	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге 7M01101 «Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық (IP)» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесі беріледі.
<b>Біліктілік және қызметтер тізімі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• білім беру ұйымдарындағы әкімшілік-басқару қызметі (директор, директордың орынбасары, бөлім меңгерушісі);</li> <li>• орта және жоғары оқу орындарындағы педагогикалық қызмет;</li> <li>• ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарындағы ғылыми қызмет;</li> <li>• білім сапасын қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі маман</li> </ul>
<b>Кәсіби қызмет саласы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• білім беру ұйымдарындағы басқару және көшбасшылық қызмет;</li> <li>• ғылыми-зерттеу және жобалық қызмет;</li> <li>• оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық қызмет;</li> <li>• білім сапасын бағалау және дамыту;</li> <li>• білім беру ұйымдарын дамытудың стратегиялық жоспарларын әзірлеу және іске асыру.</li> </ul>
<b>Кәсіби қызмет нысандары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- орта кәсіптік және жоғары білім беру ұйымдары;</li> <li>- ғылыми-зерттеу институттары;</li> <li>- білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар, кәсіптік орта және жоғары білім беру ұйымдары;</li> </ul>
<b>Кәсіби қызмет пәндері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• тұлғаның жеке және тұлғалық дамуы;</li> <li>• меншіктің барлық түрлері мен нысандарындағы білім беру ұйымдарын басқару процестері;</li> <li>• әртүрлі типтегі ұйымдардың субъектілерін психологиялық қамтамасыз ету;</li> <li>• жеке тұлғаның потенциалдық мүмкіндіктерін дамыту мақсатында жеке және психикалық салаларды зерттеу;</li> <li>• тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамыту процесі.</li> </ul>
<b>Кәсіби қызмет түрлері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• білім беру ұйымдарында басқару құрылымдарын модельдеу және дамыту;</li> <li>• педагогикалық процестерді жоспарлау, ұйымдастыру және талдау;</li> <li>• көшбасшылық үлгілерді енгізу және басқарудың тиімді</li> </ul>

	<p>стратегияларын әзірлеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• білім беру саласында инновациялық жобаларды жүзеге асыру;</li> <li>• білім сапасын бақылау және бағалау;</li> <li>• білім беру ұйымдарын дамытуда стратегиялық серіктестікті ұйымдастыру және қолдау.</li> </ul>
<p><b>Оқыту нәтижелері</b></p>	<p>ОН1 - зерттеудің құрылымы мен тәртібін әзірлеу және зерттеу жүргізу, талдау, нәтижелерді жүйелеу, қорытынды жасау және оларды дәлелдеу</p> <p>ОН2 - мәдениетаралық кәсіби және өзара әрекеттесу жағдайында шет тілінде кәсіби деңгейде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау</p> <p>ОН3 - сандық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, ғылыми есептер, жарияланымдар мен презентациялар әзірлеу және тарату</p> <p>ОН4 - педагогикалық және кәсіптік проблемалық жағдаяттарға сыни талдау жасау және жоғары оқу орындарының педагогикасын одан әрі дамыту бағыттарын анықтау</p> <p>ОН5 - Білім берудегі басқару, мониторинг және бағалау процестерін оңтайландыру үшін жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың күшін пайдалану</p> <p>ОН6 - білім беру жүйесін реттейтін түрлі ұлттық және жергілікті құқықтық актілер жүйесін талдау</p> <p>ОН7 - білім беру ұйымдарындағы оқу ортасы мен үдерісінің даму бағыттарын ұйымдастыру, енгізу, түзету және болжау</p> <p>ОН8 - контекстке байланысты басқарудың оңтайлы тәсілін қолдану, құндылық жасау, белгіленгендерін қайта қарау, сондай-ақ білім беру ұйымдарының мәдениетін қолдау және дамыту</p> <p>ОН9 - жалпы әл-ауқат пен этикалық көшбасшылық қағидаттарына сәйкес қауымдастықтар құру және басқару</p> <p>ОН10 - халықаралық және/немесе қазақстандық нормаларға сәйкес ұйымдық мәдениетті қалыптастыру</p> <p>ОН11 - кәсіби қызметте жобаларды басқару қағидаттарын және ресурстардың әртүрлі түрлерін қолдану</p> <p>ОН12 - білім беру ұйымында сапалық және сандық өзгерістер мен дамуға бағытталған стратегиялық құжаттарды қалыптастыру</p>

### 3.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТҮЛЕГІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

<b>ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (SOFT SKILLS). Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық қасиеттер</b>	
ЖҚ 1. Өзінің сауаттылығын басқару құзыреттілігі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- аналитикалық ойлау;</li> <li>- коммуникативтік қасиет;</li> <li>- командада жұмыс істеуге қабілеттілік;</li> <li>- ұйымдастырушылық қабілеттіліктер;</li> <li>- креативтілік және сыни ойлау, интерпретациялау, талдау, тұжырым жасау, бағалау дағдыларын игеру қабілеттілігі;</li> <li>- белсенді өмірлік ұстанымға ие болу;</li> <li>- белгісіздік пен ықтималдылық жағдайында кәсіби сипаттағы шешім қабылдау.</li> </ul>
ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік	<ul style="list-style-type: none"> <li>- әлеуметтік және гуманитарлық білім салаларында ұғымдарды, ой, сезім, фактілер мен пікірлерді жазбаша және ауызша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) білдіру және түсіну қабілетін, сондай-ақ оқу кезінде, жұмыста, үйде және бос уақытында лингвистикалық және шығармашылық тұрғыдан жан-жақты қоғамдық және мәдени контексте тиісті түрде меңгеру қабілеті, кәсіби ортада және социумда әлеуметтік қатынас дағдыларын, өз ойын жүйелі және сауатты жеткізу машығын, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын еркін игеруі;</li> <li>- шет тіліндегі коммуникациялардың негізгі дағдыларын – кәсіби саладағы ұғымдар, фактілер мен пікірлерді тиісті әлеуметтік және мәдени контексте ауызша және жазбаша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) түсіну, білдіру және ұғыну дағдыларын, медиация және мәдениетаралық түсінік дағдыларын меңгеру қабілеті.</li> </ul>
ЖҚ 3. Математикалық құзыреттілігі және ғылым саласындағы құзыреттілігі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ғылыми ойлау мәдениетін, талдап қорытуды, дәйектер мен теоретикалық ережелерді талдау мен жинақтауды игеру қабілеті, білім әлеуетін, ЖОО-да математикалық, жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқыту барысында иеленген тұлғалық қасиеттері мен тәжірибесін қолдануға даярлығы, кәсіптік міндеттерді шешуді бақылау мен бағалау, математикалық және жаратылыстану-ғылыми ойлауын дамыту тәсілдерін анықтау.</li> </ul>
ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыста, бос уақытта және коммуникацияларда заманауи ақпараттық және сандық технологияларды сенімді, әрі сыни тұрғыда пайдалану, оларды қолдануда, қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, таныстыру және компьютер арқылы ақпарат алмасу дағдыларын меңгеру, кәсіби қызмет саласында Интернет арқылы ынтымақтас желілерде қарым-</li> </ul>

	қатынас жасау және қатысу қабілеті.
ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қоғамдық пікірге, дәстүрлер, салттар, нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды меңгеру және оларға өзінің кәсіби қызметінде сүйене білу қабілеті;</li> <li>- Қазақстанның құқықтық жүйесінің негіздері мен заңнамасын білу; қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу;</li> <li>- түрлі әлеуметтік жағдайларда жұмыс істей білу;</li> <li>- мәмілеге келе білу, өз пікірін ұжым пікірімен сәйкестендіре білу;</li> <li>- іскери әдеп нормаларын, әдеп және құқықтық нормаларды меңгеру;</li> <li>- кәсіби өсу және жеке тұлға ретінде дамуға талпыну;</li> <li>- командалмен жұмыс жасай білу, өз көзқарасын жетік дәлелдей алу, жаңа шешімдер ұсына білу;</li> <li>- басқа индивидтарға қатысты толеранттылық таныта білу қабілеті.</li> </ul>
ЖҚ 6. Кәсіпкерлік құзыреттілік	<ul style="list-style-type: none"> <li>- сыни ойлау, интерпретация, талдаудың креативтілігін, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру;</li> <li>- кәсіби міндеттерге қол жеткізу үшін жобаларды басқару, персоналды басқара білу, кәсіпкерлік дағдыларын көрсете білу қабілеті.</li> </ul>
ЖҚ 7. Мәдени хабардарлық және өз ойын жеткізе білу қабілеті	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстан халқының дәстүрі мен мәдениетін білу және түсіну, әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне толерантты болу, толеранттылықта төзімділік таныту;</li> <li>- жоғары рухани қасиеттерге ие бола білу, зиялы адам ретінде қалыптасу қабілеті.</li> <li>-кәсіби құндылықтарды көрсете білу: кәсібилік; жаңашылдық; шығармашылық; меритократия; тұтастық.</li> </ul>
<b>КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (HARDSKILLS)</b>	
Осы бағыт үшін тән теоретикалық білімдер мен тәжірибелік дағдылар мен шеберліктер	КҚ1 Педагогика мен психологияның теоретикалық және әдіснамалық негіздерін, кәсіби сала зерттеулеріндегі басқару теориялары мен заманауи тұжырымдамаларын қолдана біледі.
	КҚ2 Білім беруді ұйымдастыру мен басқару, халықаралық тәжірибедегі білім беру менеджментінің үздік үлгілерін қарастыру және көшірмелеу мәселелері бойынша сараптамалық бағдарламалар даярлайды.
	КҚ3 Ресурстар мен жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдалана отырып, сонымен қатар персоналды басқару психологиясының дағдыларын қолдана отырып, оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру қабілеті.
	КҚ4 Білім беру және басқарушылық қызмет саласындағы мониторингтік және ғылыми зерттеулерді жүргізеді.

	<p>КҚ5 Білім беруді ұйымдастыру және басқару жағдайларында білім беру менеджменті проблемасын тұжырымдап, өнімді шеше отырып, білім беру жүйелерін басқару мазмұны мен технологияларын жобалайды.</p>
	<p>КҚ6 Оқытудың инновациялық, интерактивті және цифрлық әдістері мен технологияларын ескере отырып, педагогикалық кадрларды іріктеуде білім беру процесі мен ортасын бағалау мен жүзеге асыруға қабілетті болады.</p>

### 3.1 ББ бойынша оқыту нәтижелері мен модульдердің қалыптасқан құзыреттіліктерінің бөлінісінің матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
ЖҚ1	+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ЖҚ2		+				+	+	+	+	+		
ЖҚ3				+	+		+		+			
ЖҚ4				+	+	+			+	+		
ЖҚ5		+		+	+	+	+	+	+	+		+
ЖҚ6			+	+		+	+	+	+			
ЖҚ7		+	+		+		+	+	+	+	+	
КҚ1			+		+	+			+			
КҚ2			+		+	+			+		+	
КҚ3			+	+	+					+	+	
КҚ4			+	+	+					+	+	
КҚ5					+	+			+		+	
КҚ6					+	+						+

**4.МОДУЛЬДЕР МЕН ПӘНДЕРДІҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛ ЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТУ МАТРИЦАСЫ МЕН  
ЕҢБЕК КӨЛЕМДІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕР**

№	Модуль атауы	Цикл	Комп онент	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Оқытудың қалыптастырылатын құзыреттіліктері (кодтар)												
							ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12	
1	Ғылыми және педагогикалық дайындық	БП	ЖК	Ғылым тарихы және философиясы	Мақсаты: ғылым тарихы мен философиясы бойынша білім, білік, дағдыларды қалыптастыру. Мазмұны: жаратылыстану және техникалық ғылымдардың тарихы мен философиясы, мәдениет пен өркениеттегі жаңа еуропалық ғылым, ғылымның пайда болуы, тарихи динамика, ғылыми білімнің құрылымы, нақты ғылымдардың философиялық мәселелері. 21 ғасырдағы коммуникациялық технологиялар және олардың қазіргі жаһандық өркениеттегі рөлі, қазіргі өзекті әдістемелік философиялық мәселелері.	4	+												
		БП	ЖК	Шет тілі (кәсіби)	Мақсаты: білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін көтеру және коммуникативтік құзыреттіліктің қажетті және жеткілікті деңгейін меңгеру. Мазмұны: С1, С2 (тіл мамандықтары) деңгейінде шет тілін меңгеру, монологтық және диалогтік формадағы LSP қарым-қатынасы (баяндама, презентация, әңгімелесу, пікірталас). Ауызша, жазбаша түрдегі ғылыми стиль грамматикасын зерттеу. Ақпараттық және кәсіби хабарламаларды тыңдау. Жазу, ғылыми мақалалар, баяндамалар, жобалар жасау және т.б. Сөздіктермен, анықтамалықтармен жұмыс. Екіжақты аударма дағдылары.	4		+	+										
		БП	ЖК	Басқару психологиясы	Мақсаты: магистранттарды басқару қызметінің психологиялық заңдылықтарымен таныстыру. Мазмұны: психологиялық жағдайлармен, басқару қызметінің ерекшеліктерімен таныстырады. Басқарудың ішкі жүйесінің күйі мен өзгерістерін диагностикалау және болжау; бағыныштылар үшін іс-шаралар бағдарламасын қалыптастыру; шешімнің	3	+								+				+

					орындалуын ұйымдастыру. Басшының басқарушылық қажеттіліктері мен қабілеттері.															
2	Оқытудың әдістемелік негіздері	БП	ЖК	Жоғары мектеп педагогикасы және психологиясы	Мақсаты – қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық білімдер негізінде жоғары оқу орнында кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру бойынша магистранттардың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: Жоғары білімнің қазіргі парадигмалары. Қазақстандағы жоғары білім берудің тарихы, тенденциялары мен даму стратегиялары. Жоғары мектептің педагогикасы мен психологиясының пәні, міндеттері, категориялары. Жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясының әдіснамалық негіздері. ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігі. ЖОО оқытушысының коммуникативтік құзыреттілігі. Жоғары мектеп дидактикасы. Колледж жасындағы психологиялық ерекшеліктер. Университеттегі оқу процесі және оның заңдылықтары. ЖОО-дағы білім мазмұны. ЖОО - да оқу процесін ұйымдастыру нысандары. ЖОО-да оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және іске асыру технологиялары. Кредиттік оқыту жүйесінің ерекшеліктері. Оқыту әдістемесі мен әдістері.	5	+		+	+										
		КП	ЖК	Педагогикалық көшбасшылыққа кіріспе	Мақсаты: магистранттардың педагогикалық көшбасшылықты білім беруді басқарудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде түсінуін дамыту және оны білім беру ортасында тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: педагогикалық көшбасшылықтың мәні және оның оқу мен оқыту үдерістеріндегі рөлі. Білім беру мақсатына жету үшін мектептің материалдық және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану. Жаңа білім беру қауымдастығы мен ұжымдарын құру, заманауи білім беру орталарын, құралдарын және жанартылған оқыту әдістерін пайдалану тәсілдері. Магистранттар мен олардың әріптестерінің жеке педагогикалық құзыреттіліктерін дамыту, сонымен қатар	5	+			+								+		

				педагогикалық көшбасшылық пен мектептің негізгі білім беру бағдарламасының байланысын терең түсіну.															
		БП	ЖК	Педагогикалық практика	Мақсаты: оқу процесінде алған теориялық және практикалық білімдерін бекіту және кеңейту. Оқу сабақтарының өзін-өзі дамыту тәжірибесін жүзеге асыру. Өз бетінше оқу сабақтарын өткізу дағдыларын қалыптастыру, ұйымдастыру жұмыстарында тәжірибе жинақтау. Кәсіби білім мен дағдыларды қолдануды талап ететін практикалық мәселелерді шешуде тәжірибе жинақтау.	4	+				+	+			+				
3	Ғылыми зерттеулердің әдістемелік шарттары	КП	ТК	Оқыту және өз бетімен білім алу сапасын арттыру: Өрекеттерді зерттеу	Мақсаты: магистранттардың әлеуметтік контексте білім беру сапасын жүйелі бақылау үшін зерттеу және рефлексивті дағдыларын дамыту, сондай-ақ олардың өзгерістерді басқару және әлеуметтік менеджменттегі құзыреттерін кеңейту. Мазмұны: пәнді оқу барысында магистранттар практика ретінде өзінің ұтымдылығы мен әділдігін арттыру мақсатында Өзін-өзі көрсету және өзінің педагогикалық қызметін талдау әдістерін меңгереді. Олар әлеуметтік жағдайлардағы білім беру процестерін жүйелі түрде бағалауды және білім беру сапасын жақсарту стратегияларын әзірлеуді үйренеді. Өзгерістер жағдайында басқару дағдыларын дамытуға және әлеуметтік менеджмент принциптерін игеруге ерекше назар аударылады.	6	+		+			+						+	
		КП	ТК	Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері	Мақсаты: ғылыми зерттеу әдістемесі туралы білімдерін қалыптастыру, магистранттардың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізу әдістерін меңгеру дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: ЖОО оқытушысының әдістемелік мәдениетінің негізі ретінде педагогика ғылымы әдістемесінің заманауи мәселелерін, ғылыми зерттеудің әдістемелік тәсілдері мен принциптерін, ғылыми зерттеудің логикасы мен процедураларын зерттейді. Ғылыми аппаратты және психологиялық-педагогикалық		+		+			+					+		

				зерттеу әдістерінің кешенін, диссертацияны қорғауға дайындау әдістемесін білдіреді.																
	КП	ТК	Зерттеуді әзірлеу, мәліметтерді жинау және талдау	<p>Мақсаты: магистранттардың ғылыми зерттеулерді жобалау және практикалық іске асыру дағдыларын дамыту, сондай-ақ деректерді жинау және талдау әдістері саласындағы білімдерін кеңейту.</p> <p>Мазмұны: магистранттар ғылыми зерттеулерді жобалаудың әдіснамалық негіздерін зерделейді, эмпирикалық деректерді жинау мен талдаудың заманауи тәсілдерін меңгереді. Зерттеу жүргізудің халықаралық және ұлттық стандарттарымен жұмыс істеуге ерекше назар аударылады. Семинар сабақтары шеңберінде топтық жобалау қызметі арқылы білім алушылар алған білімдерін тәжірибеде қолданады, өздерінің зерттеу жобаларын әзірлейді.</p>	6	+		+												+
	КП	ТК	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау және нәтижелерді визуализациялау	<p>Мақсаты: магистранттарды білім беру саласындағы заманауи ғылыми зерттеулермен таныстыру.</p> <p>Мазмұны: педагогикалық ғылым мен білім беру практикасының өзекті мәселелерін анықтау, психологиялық-педагогикалық зерттеудің нақты тақырыптары бойынша ғылыми зерттеуді жоспарлау, ұйымдастыру, алынған деректерді өңдеу және талдау дағдылары мен дағдылары дамиды.</p>		+		+												+
			Зерттеу практикасы	<p>Мақсаты: педагогикалық-психологиялық зерттеулерді жүзеге асыру дағдыларының кешенін қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Отандық және шетелдік ғылымның соңғы теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің заманауи әдістерімен танысу.</p> <p>Теориялық және эксперименттік зерттеулерде тәжірибе жинақтау, ғылыми білімнің әртүрлі әдістерін қолдану. Алынған мәліметтерді өңдеу, нәтижелерді талдау және нақтылау. Зерттелетін тақырып бойынша ғылыми-әдістемелік семинар аясында сөз сөйлеу.</p>	6			+					+							+

4	Білім берудегі менеджментті ұйымдастыру және жоспарлау	КП	ТК	Құндылықтарға бағдарланған көшбасшылық	<p>Мақсаты: магистранттарда мектеп практикасының, даму мен көшбасшылықтың негізі ретінде құндылықтарды түсінуді қалыптастыру, сондай-ақ өздерінің кәсіби қызметінде мектеп құндылықтарына сәйкес әрекет ету қабілетін дамыту.</p> <p>Мазмұны: пән аясында магистранттар мектеп ортасы мен көшбасшылықтың негізі ретінде құндылыққа бағытталған білім беру тұжырымдамасын меңгереді. Олар білім беру процесінің барлық мүдделі қатысушыларын біріктіретін оқу қауымдастықтарын құруды үйренеді, мұнда құндылықтар мектеп бағдарламасы мен күнделікті тәжірибеде айқын көрінеді. Магистранттар өздерінің мектеп құндылықтарын қорғайтын көшбасшы ретіндегі рөлін түсінеді және оларды кәсіби сәйкестілік пен тәжірибеде, әсіресе балалардың құқықтарын сақтау мәселелерінде көрсетеді. Сонымен қатар, олар мектеп қоғамдастығының әр қатысушысының мәдени дәстүрлері мен құндылықтарын құрметтей отырып, көп тілді және көп мәдениетті ортада жұмыс істеу дағдыларын дамытады.</p>	6		+								+		+
		КП	ТК	Көшбасшылықтың гуманистік негіздері	<p>Мақсаты: магистранттарда көшбасшылыққа этикалық-гуманистік көзқарасты қалыптастыру, жеке тұлғаны құрметтеуге, әділеттілік, инклюзия және моральдық жауапкершілік құндылықтарына негізделген көшбасшылық қасиеттерді дамыту.</p> <p>Мазмұны: Пән көшбасшылықты гуманистік принциптерге негізделген процесс ретінде ашады-әр адамның құндылығын тану, құқықтар мен қадір-қасиетті құрметтеу, әділ және инклюзивті басқару. Магистранттар гуманистік көшбасшылық теорияларын, эмоционалды интеллектті, эмпатияны, басқарудағы этикалық дилеммаларды және көшбасшының моральдық жауапкершілігін зерттейді. Білім беру ұйымында жағымды климат құруға, мәдени әртүрлілік пен Балалардың құқықтарын қолдауға ерекше назар аударылады. Оқу</p>			+								+		+

			барысында магистранттар гуманистік құндылықтар негізінде көшбасшылықтың жеке стратегиясын жасайды.															
	КП	ТК	Білім беру сапасын бағалау	Мақсаты: магистранттарда мектепте білім беру сапасын қамтамасыз ету қағидаттарын түсінуді қалыптастыру, ішкі бағалау тетіктерін игеру және білім беру деректерін талдау негізінде шешім қабылдау дағдыларын дамыту. Мазмұны: магистранттар сапаны бағалаудың ішкі жүйесі мектептің даму стратегиясымен және оның жылдық жоспарымен қалай интеграцияланатынын зерттейді. Олар оқу бағдарламаларын жобалау және күнделікті оқыту тәжірибесін жетілдіру үшін ішкі және сыртқы бағалау деректерін пайдалану әдістерін меңгереді. Талдау әртүрлі көзқарастардан — әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық және әлеуметтік-мәдени тұрғыдан жүзеге асырылады. Мектептің даму аймақтарын анықтауға, басым бағыттарды анықтауға, сондай-ақ осы дамуға ықпал ететін педагогикалық кадрларды даярлау мақсаттарына ерекше назар аударылады. Магистранттар мектеп қоғамдастығының барлық қатысушыларынан оң және сыни кері байланыс жинау тәсілдерін әзірлейді.	6					+					+			+
	КП	ТК	Көшбасшылық педагогикасы мен психологиясы	Мақсаты: тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырумен байланысты білім, білік және дағдылар жүйесін қалыптастыру. Мазмұны: білім беру ұйымындағы Көшбасшылық психологиясы, қазіргі заманғы көшбасшы моделі зерттеледі. Көшбасшының қасиеттері, оның білім беру ұйымдарындағы миссиясы, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру кезеңдері ашылады. Көшбасшылық қасиеттерді өзін-өзі тәрбиелеу дағдылары дамиды.						+					+			+
	КП	ТК	Білім беру саласындағы саясат және практика	Мақсаты: магистранттарда білім беру саясаты, оның негізгі бағыттары және білім беру практикасында іске асыру тетіктері туралы тұтас түсінік қалыптастыру. Мазмұны: Пән жаһандық, ұлттық және өңірлік	7					+					+			+







				мысалдары. Сапаны қамтамасыз етудің халықаралық үлгілерін ұлттық жағдайларға бейімдеу. Мүмкіндіктер мен кедергілер. Қазақстанда озық тәжірибелерді қолдану бойынша ұсыныстар әзірлеу.															
5	Менеджменттің инновациялық технологиялары	КП	ТК	Білім беру саласындағы инновациялық менеджмент	Мақсаты: білім беру саласындағы инновациялық менеджменттің ерекшеліктері мен қолданылуы туралы түсініктерді қалыптастыру. Мазмұны: білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі Инновациялық процестерді басқару мәселелері қарастырылады. Инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты, Инновациялық процестерді ұйымдастыру мен басқарудың нысандары мен әдістерін, білім беру саласындағы инновациялық менеджментті реттеудің ұйымдастырушылық-педагогикалық тетіктерін, қарастырылып отырған саладағы шетелдік практиканы зерделеуді қамтиды.	5					+	+							
		КП	ТК	Білім беруді басқару мен ұйымдастыру	Мақсаты: магистранттар арасында менеджмент бойынша кеңес беру, коуч психологиясы бойынша ұғым-түсініктерді қалыптастыру. Мазмұны: Басқарушылық кеңес беру мен коучингтің принциптері, мақсаттары, міндеттері. Коуч психологиясы мен менеджмент психологиясының қазіргі заманғы тенденциялары мен жағдайы, практикалық психологтың кәсіби құзыреттілігінің негізгі принциптері, коучинг пен менеджмент құндылықтары.						+	+							
		БП	ТК	Инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті	Мақсаты: Магистранттарда білім беру ортасының тұрақты дамуы мен сапасын арттыруды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарының инфрақұрылымын және қаржы ресурстарын тиімді басқару саласында кәсіби құзыреттерді қалыптастыру. Мазмұны: білім беру ұйымының инфрақұрылымдық даму негіздері: жағдайды талдау, жоспарлау және жаңғырту. Білім берудегі қаржылық менеджмент принциптері: қаржылық ресурстарды бюджеттеу, бөлу және	5						+						+	+



		КП	ТК	Мектеп ұйымы құрылымына өзгерістер енгізу	Мақсаты: магистранттардың ұйымдық мәдениетті, сондай-ақ білім беру саласындағы саясат пен нормативтік актілерді дамыту саласындағы пәндік құзыреттілігін жетілдіру. Мазмұны: мектептің ұйымдастырушылық мәдениетінің бірегейлігін және оның педагогикалық көшбасшылықпен байланысын түсінуді тереңдету. Ұйымдық құрылымдар мен мектеп мәдениетіне өзгерістер енгізу үшін сенімді деректерді жинау және пайдалану. Мұғалімдердің мектеп әкімшілігімен бірлесіп өзгерістер процесін басқару дағдыларын дамыту.	6											+		+	
		КП	ТК	Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы басқару	Мақсаты: магистранттардың ұйымдық мәдениетті дамыту саласындағы пәндік құзыреттілігін, сондай-ақ білім беру саласын реттейтін саясат пен нормативтік актілерді жетілдіру. Мазмұны: арнайы және кәсіптік білім беру ұйымдарында басқару және көшбасшылық принциптері туралы білімді кеңейту. Ғылыми зерттеулерді талдау және оларды үздік әлемдік тәжірибелермен салыстыру. Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдары құрылымының ерекшеліктерін зерттеу. Ұйымдық құрылымдар мен процестерді өзгерту және жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу.													+		+
6	Ғылыми-зерттеу жұмысы және қорытынды аттестация модулі			Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамадан өту және магистрлік диссертация	Мақсаты: Зерттеу дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыруға, ғылыми-педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен теориясы бойынша білімдерін оқу орындарының нақты тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік береді. Ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру дағдылары мен шеберліктерін қалыптастырады. Ғылыми-педагогикалық зерттеу рәсімдерін зерттеу әдістері кешенін қолдануға мүмкіндік береді.	24	+		+	+		+		+		+	+	+	+	
				Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	Магистрлік диссертация бітіру біліктілік жұмысының түрі ретінде. Магистрлік диссертацияға қойылатын жалпы талаптар. Магистрлік диссертацияның ғылыми жетекшісі. Магистрлік жұмыстың құрылымы мен мазмұны. Магистрлік диссертацияны дайындау және	8	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	

				<p>қорғауды ұйымдастыру. Магистрлік диссертацияның құрамы, дизайны, құжаттамасы, бағалау критерийлері, жобалау және қорғауға жіберу тәртібі. Бітіру біліктілік жұмысының тілі мен стилі, плагиатқа қарсы тексеру, библиографиялық аппарат.</p>															
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

**5. ББ МОДУЛЬДЕР КЕСКІНІНДЕ МЕҢГЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР КӨЛЕМІ  
ЖӨНІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ**

Оқыту курсы	семестр	Меңгерілген модульдер саны	Игерілетін пән көлемі		KZ кредиттерінің саны					Сағатпен барлығы	KZ кредиттерінің жалпы саны	Саны	
			ЖК	ТҚ	Теоретикалық оқыту	Пед-лық практика	Зерттеу практика	МҒЗЖ	Қорытынды аттестаттау			емт	диф. сынақ
1	1	3	4	2	29			1		900	30	6	1
	2	3	1	3	23	4		3		900	30	4	2
2	3	2		5	26		6	3		1050	35	4	2
	4							17	8	750	25	-	1
барлығы		8	5	7	78	4	6	24	8	3600	120	15	6

## 6. ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ, БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУ

Оқыту стратегиясы	<p><b>Студентті орталықтанған оқыту:</b> білім алушы-оқыту/оқыту орталығы және оқу процесі мен шешім қабылдаудың белсенді қатысушысы.</p> <p><b>Тәжірибеге бағытталған оқыту:</b> практикалық дағдыларды дамытуға бағдарлау.</p>
Оқыту әдістері	Инновациялық педагогикалық технологиялар, оқытудың белсенді және интерактивті әдістері
Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау	<p><b>Ағымдағы бақылау</b> пәннің әрбір тақырыбы бойынша жүргізіледі, аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы білімді бақылау (<i>силлабусқа сай</i>). Бағалау формалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• сабақтарда сауалнама жүргізу;</li> <li>• оқу пәні бойынша тестілеу;</li> <li>• сынақтар;</li> <li>• өзіндік жұмысты қорғау;</li> <li>• талқылаулар;</li> <li>• тренингтер;</li> <li>• коллоквиумдар;</li> <li>• эссе жазу және т.б.</li> </ul> <p><b>Аралық бақылау</b> – бір оқу пәні шеңберінде бір академиялық кезең бойында екі реттен кем емес жүргізіледі (коллоквиум тапсыру, ауызша сұрастыруды жүргізу, жазба жұмыстарын қорғау, тест тапсырмалары және т.б.).</p> <p><b>Межелік аттестаттау</b> жұмыс оқу жоспарымен, академиялық күнтізбемен сәйкестікте жүзеге асырылады.</p> <p>Өткізу формалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• тестілеу түріндегі емтихан;</li> <li>• ауызша емтихан;</li> <li>• жазбаша емтихан;</li> <li>• үйлестірілген емтихан;</li> <li>• жобаны қорғау;</li> <li>• практика бойынша есептерді қорғау.</li> </ul>


## 7. БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚУ-РЕСУРСТЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРЫЛУЫ

Ақпараттық-ресурстық орталық	Электронды оқулықтар, ПОӘК, MOOK, видео-лекциялар, слайдтар, презентациялар, видео-фильмдер, анимация, ЭЕМ бағдарламалары.
Материалдық-техникалық база	Лекциялық аудиториялар, практикалық сабақтарға арналған аудиториялар, компьютерлік класстар, кітапхана және оқу залдары, абонемент, электронды ресурстық орталық, спорттық және акт залы, тамақтану пункті, медициналық қызмет көрсету пункті.

## 8. КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

7М01101 Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық (ІР)

білім беру бағдарламасы бойынша

АкМЖД директоры  А.С.Наукенова

АҒД директоры  У.Б.Назарбек